

Тел Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі

Кезектен тыс педагогикалық кеңесі (үзінді)

Хаттама № 1

05.09.2024ж

Күн тәртібінде:

1. Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің Тел Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің өзін-өзі аттестаттауының қорытындысы

Тыңдалды: Ж.А. Қуандықов (мектеп директоры)

Ақтөбе облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі № 18-2-4-06/1884 хаты негізінде жолданған мемлекеттік аттестаттау қорытындысымен таныстырып өтеміз. ҚР Оқу ағарту Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығын басшылыққа ала отырып, комитеттің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде Ақтөбе облысы білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі ММ, Тел Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ КММ 2024 жылдың 26 тамыз-2 қыркүйек аралығында аттестаттау өткізілді. Тел Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ мемлекеттік коммуналдық қазыналық мекемесінің аттестаттау қорытындысында көрсетілген кемшіліктер бойынша бұзушылықтарды жою жөніндегі іс шаралар жоспары құрылды.

Сөйлеушілер: С.Ж.Қанатбаева (оқу ісі жөніндегі орынбасары)

Өлшемшарттың 9.3 тарауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1- қосымшасының 2 – тарауының 4- тармағының 4- тармақшасының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген 1-тарауының 24-тармағы (Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруды қажет етеді) талаптарына әдістемелік ұсынымдарға сәйкес келтіру. Мектепалды даярлық тобының педагогі Салмағанбет Гүлсезім Нағашыбайқызының біліктілік санатын арттыру. Әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшасына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы меңгерушімен бекітілген мәліметтер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес ұсыну.

Өлшемшарттың 12.2. тарауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарауы 10-24 тармақтарының, 3-қосымшасы 2-тарауы 11, 22-37 тармақтарының, 4-қосымшасы 2-тарауы 23-28-тармақтарының талаптарына сәйкестендіру.

Өлшемшарттың 14.2. тарауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 3-қосымшасы 4-тарауы 57, 59-тармақтарының талаптарына сәйкес келмейді, №125 бұйрықтың 2 тарау 13 тармағында көрсетілгендей «ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді» сақталмаған, алайда ұсынылған ТЖБ кестесі мен электронды журналды зерделегенде жиынтық бағалау күндері мен тоқсандық жиынтық бағалау арасына күн салынып өткізілуі, сол сияқты жиынтық бағалау саны және күндері көрсетілуі сақтау, талапқа сай жүргізу.

Өлшемшарттарының 12.10. тарауы АӨТД пәні мұғалімі А.Ұябаев (еңбек өтілі 21 жыл), көркем еңбек пәні мұғалімі Ж.Қуандықов (еңбек өтілі 12 жыл) 2 жылдан бері біліктілік санатын арттырмаған, бұдан педагогтар біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растайтын педагогтардың үлесіндегі мерзімі өткеннен кейін педагогтер санатына төмендетілуі туралы ақпарат ұсыну; тарих пәнінің мұғалімі А.Асылбек 18 жыл пед өтілі бар болғанымен, 04.09.2023 жылы №55 бұйрығымен 1-санатты біліктілік санаты берілген, алайда жаңа форматтағы атаумен берілмегендіктен, біліктілік арттыруының түсіндіруін ұсыну; Өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету нұсқамасының орындалуы туралы ақпарат ұсыну.

Педагогикалық кеңес шешім етілді:

1. Мемлекеттік аттестаттау қорытындысында көрсетілген кемшіліктерді жою барысында жұмыстану тобы құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілсін.
2. Осы жоспар негізінде кемшіліктерді жою бағытында жұмстар түбегейлі жүргізіліп, нәтижесі бойынша құжаттар дайындалсын.
3. Тамыз айының 26-сы мен қыркүйек айының 2-сы аралығында өткізілген мемлекеттік аттестаттау қорытындысы негізінде кемшіліктері аталып көрсетілген мұғалімдерден түсініктемелері мен тәртіптік шара алынсын.
4. Қыркүйек айындағы мемлекеттік аттестаттау қорытындысы бойынша жасалған жұмыстардың құжаттары сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын.

Кеңес төрағасы:
Хатшы:



Ж.А.Қуандықов
М.Ұ.Талмурзина